

МЕМОРАНДУМ, ПОДПИСАННЫЙ В 2022 ГОДУ, СТАЛ ОСНОВОЙ ПРАКТИЧЕСКОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ПРОФСОЮЗОВ КАЗАХСТАНА И РОССИИ И УЖЕ ПРИНОСИТ КОНКРЕТНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ НА РЕГИОНАЛЬНОМ УРОВНЕ. ПРИ АКТИВНОМ УЧАСТИИ РЕГИОНАЛЬНЫХ СТРУКТУР МЫ ВЫСТРАИВАЕМ СИСТЕМНУЮ РАБОТУ НА ПРИГРАНИЧНЫХ ТЕРРИТОРИЯХ И УКРЕПЛЯЕМ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ СВЯЗИ.



Оразгали АХМЕТБАЕВ,
председатель ООО «Казпрофжел»



№26 (3173)
07/04/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ЦИФРОВАЯ МАГИСТРАЛЬ ЕВРАЗИЙСКОГО МАСШТАБА

Прошедший в Санкт-Петербурге I Международный транспортно-логистический форум стал знаковой вехой в укреплении стратегического партнерства между железнодорожными администрациями Казахстана и России. Делегация АО «НК «ҚТЖ» приняла активное участие в работе площадки, подтвердив статус компании как ключевого звена в формировании евразийских транспортных коридоров.

В рамках пленарного заседания, посвященного транспортной связанности как основе нового мирового порядка, обсуждались глобальные вызовы и переход от конкуренции к всеобщей безопасности, что подчеркивает особую роль железнодорожного сообщения в обеспечении международной стабильности.

Председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талғат Алдыбергенов выступил с докладом на встрече заместителя председателя Правительства РФ Виталия Савельева и заместителя руководителя администрации Президента РФ Максима Орешкина с «капитанами» транспортного бизнеса и принял участие в пленарном заседании на тему «Транспортная связанность как основа нового мирового порядка: от глобальной конкуренции к всеобщей безопасности». Выступление перед «капитанами» транспортного бизнеса позволило акцентировать внимание на приоритетных инфраструктурных проектах и перспективах интеграции, синхронном развитии межгосударственных стыковых пунктов и совместной работе соответствующих ведомств, а также на внедрении цифровизации для прозрачности процессов.

Кроме того, в ходе визита делегация ҚТЖ ознакомилась с экспозицией современной техники и приняла участие в демонстрационном дне «Лучшие ИТ-решения для транспорта и логистики», организованном ОАО «РЖД», где обсуждались новые векторы цифровизации отрасли и системы будущего. Также ключевым событием рабочей поездки стала прошедшая в рамках форума двусторонняя встреча председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Талғата Алдыбергенова с генеральным директором – председателем правления ОАО «РЖД» Олегом Белозеровым, в ходе которой стороны подвели итоги многолетнего сотрудничества и наметили контуры новой технологической реальности в перевозках. Сегодня взаимодействие двух крупнейших железнодорожных операторов континента демонстрирует устойчивую положительную динамику, которая переросла из простого обмена грузами в глубокую технологическую и инфраструктурную интеграцию. Цифры говорят сами за себя: только по итогам первых двух месяцев 2026 года объем грузоперевозок



между Казахстаном и Россией достиг внушительной отметки в 15,2 миллиона тонн, что на 3,8% превышает показатели аналогичного периода прошлого года. Этот рост не является случайным, а представляет собой логическое продолжение долгосрочного тренда на усиление транспортной связанности внутри Евразийского пространства.

Особое внимание в ходе переговоров было уделено транзитному потенциалу, который остается главным драйвером двустороннего сотрудничества. За последние семь лет контейнерный транзит между Россией и Китаем, проходящий через территорию Казахстана, показал феноменальную эффективность, увеличившись в 16 раз – с 33 тысяч до 550 тысяч ДФЭ.

Такие темпы роста требуют принципиально новых подходов к управлению транспортными потоками. Именно поэтому центральной темой обсуждения стало формирование так называемого бесшовного цифрового транзита. Суть этой концепции заключается в создании единой доверенной цифровой среды, где обмен данными между железными дорогами, таможенными и пограничными службами происходит мгновенно и в автоматическом режиме. Реализация этой инициативы позволит практически

полностью исключить бумажный документооборот, минимизировать простои на границах и значительно сократить общие сроки доставки грузов, обеспечивая беспрецедентную стабильность поставок для конечных потребителей.

Важнейшим условием для обеспечения такого роста является синхронное развитие физической инфраструктуры. В этом контексте в рамках пленарной сессии «Новая география глобальной торговли: объединяя континенты» управляющий директор по производственным процессам АО «НК «ҚТЖ» Бауыржан Урынбасаров выступил с докладом на тему интеграции международных транспортных коридоров и синхронного развития инфраструктуры, представив ключевые результаты и планы реализации крупных железнодорожных проектов, а также перспективы развития транзитных перевозок.

Совместная работа железнодорожных ведомств двух стран направлена на создание максимально прозрачных условий для бизнеса, где железная дорога превращается в высокотехнологичный сервис, способный гибко адаптироваться к меняющимся условиям мирового рынка.

Асель ШАЙХЫНОВА

ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙТІЛГЕН



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ көлік жүргізушілерін теміржол өткелдерінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырады. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында өткелдерде 4 жол-көлік оқиғасы тіркелген.

Барлық жағдайлар күзетілмейтін реттелетін өткелдерде орын алған. Атап өтерлігі, өткелдегі белгі беру құралдары істен шықпай, дұрыс жұмыс істеп тұрған. Алайда жол-көлік оқиғаларының орын алуына автокөлік жүргізушілерінің жол қозғалысы ережесін ерескел бұзуы себеп болған.

Сала мамандары теміржол өткелдерінде теміржол көлігі қозғалысының басқа көлік құралдарына қарағанда басымдыққа ие екенін еске салады. Қозғалыс қауіпсіздігін арттыру үшін компания еліміздің барлық өңірлерінде кешенді профилактикалық жұмыстар жүргізіп келеді. Мәселен, осы жылдың алғашқы үш айында 296 профилактикалық рейд жүргізіліп, оның барысында 16 ереже бұзушылық анықталған. 150 мыңнан астам жүргізуші өткелдер арқылы жол жүру ережелерімен танысқан. 3 мыңға жуық адамның қатысуымен 113 кәсіпорын өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылған.

Өткен жылдан бастап Қазақстанда теміржол өткелдерінде ереже бұзған жүргізушілер үшін жауапкершілік күшейтілген. ҚР ӘҚБтК 599-бабына сәйкес тыйым салу сигналына, жабық шлагбаумға қарамай жүріп өткені немесе жолдарда тоқтағаны үшін автокөлік құралдары жүргізушілеріне 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Оқиға қайталанса, автокөлік жүргізушілері алты айға көлік жүргізу құқығынан айырылады.

Нұрбек БЕКЕН



Еркін МҮСІЛІМОВ,

«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Тараз филиалының директоры:

ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА ТОЛЫҚТЫРЫЛЫП, ЖАҢА КӨЛІКТЕР АЛЫНУДА. БҮЛ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTYҒА, ҚЫЗМЕТ БЕДЕЛІН АРТТЫРҒА ЖӘНЕ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ОДАН ӘРІ КҮШЕЙТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН. СОНЫМЕН ҚАТАР БҮЛ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ МҮМКІНДІГІН ЕДӘУІР АРТТЫРҒА ҰҚПАЛ ЕТЕТІН БОЛАДЫ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ЗА ПОСЛЕДНИЕ ПЯТЬ ЛЕТ ҚТЖ РЕАЛИЗОВАЛА БОЛЕЕ

50

НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ РАБОТ ДЛЯ БЕЗОПАСНЫХ И ЭФФЕКТИВНЫХ ПЕРЕВОЗОК.

С 1 ПО 30 АПРЕЛЯ 2026 ГОДА АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ЗАПУСКАЕТ ВЕСЕННИЕ СКИДКИ

25%

НА БИЛЕТЫ ПО РЯДУ ВОСТРЕБОВАННЫХ НАПРАВЛЕНИЙ.

В ГРУППЕ «САМУК-ҚАЗЫНА» С ПРИМЕНЕНИЕМ ИИ РЕАЛИЗУЕТСЯ

62

ПРОЕКТА – ОТ ТРАНСПОРТА И ТЕЛЕКОМУНИКАЦИЙ ДО ЭНЕРГЕТИКИ И НЕФТЕГАЗА.

Инфрақұрылым

КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІН ДАМЫТАТЫН ЖОБА

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов Қарағанды өңіріне жұмыс сапары барысында еліміздің транзиттік әлеуетін күшейтуге бағытталған стратегиялық теміржол жобаларымен танысты.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Осындай ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі – «Мойынты – Қызылжар» теміржол желісінің құрылысы еді. Ұлытау және Қарағанды облыстарының аумақтарын қамтитын «Мойынты – Қызылжар» темір жолы Транскаспий халықаралық көлік бағдарының (ТХКБ) негізгі бөлігі болып табылады. Жобаны іске асыру Трансқазақстандық теміржол бағдары мен ТХКБ-ның дамуына қуатты серпін береді. Жобаның жалпы ұзындығы 300 шақырымнан асады. Жаңа желіні іске қосу «Мойынты – Жарық» учаскесінің жүктемесін азайтып, контейнерлік пойыздар қозғалысы жылдамдығын арттырады және тасымалдау қауіпсіздігін арттырады.

Бүгінде жер төсемін жасау жұмыстары аяқталуға жақын, 14,3 млн текше метр жер төсемін төселген, бұл жалпы көлемнің шамамен 90% құрайды. Бұл жолдың

жоғарғы құрылымын төсеу кезеңіне өтуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, рельсті-шпал торын құрастыру және төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстар екі жақтан – Мойынты және Қызылжар станциялары тарапынан жүргізілуде.

Инженерлік инфрақұрылымның құрылысы жоғары қарқынмен жалғасуда. Су өткізу құрылыстардың дайындығы шамамен 50% құрайды. Сонымен қатар, көпірлердің, өткелдердің және мал аядау орындарының құрылысы жүргізіліп жатыр, олардың аяқталуы жолды төсеудің үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Жобаны іске асыруға 1500 астам маман және 580 астам техника жұмылдырылған.

ҚТЖ Басқарма төрағасының тапсырмасына сәйкес жұмыс жүргізу жоспары мен кестесіне түзетулер енгізілді. Бұл нысандағы құрылыс қарқынын арттыру үшін қажет. Бұған дейін Талғат Алдыбергенов «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол жобасының



құрылысымен танысқан. Түркістан облысында «Дарбаза – Мақтаарал» жобасын іске асыру аясында жер төсемін төгу, рельсті шпал торын төсеу, бағыттамалық бурмаларды орнату, инженерлік құрылыстар мен станцияларды салу және тағы басқалар бойынша белсенді жұмыстар жүріп жатыр. Жоба Өзбекстанмен қосымша халықаралық теміржол дәлізін қалыптастыруға, Сарыағаш – Ташкент учаскесінен жүк ағындарын қайта бөлуге, өткізу қабілетін арттыруға және Орталық Азия бағытындағы транзиттік кеңейтуге бағытталған. Жобаны іске асыру «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізінің дамуымен үндестірілген.

МАШИНА ЖАСАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМДАР

Астанада өткен Қазақстан машина жасаушыларының XIII форумы аясында Kazakhstan Machinery Fair 2026 халықаралық мамандандырылған көрмесі де ұйымдастырылды. 1300-ден астам делегаттың, оның ішінде Австрия, Германия, Италия, ҚХР және басқа да 20-дан астам елден келген жетекші өндірушілер, мамандар мен бизнес өкілдерінің басын қосқан форумда теміржол саласындағы машина жасау ісі кеңінен талқыланып, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар жария етілді.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жалпы, республика бойынша 2025 жылы машина жасау өндірісі 5,7 трлн теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 13% өскен. 4 мыңға жуық зауыт жұмыс істеп, онда 130 мыңнан астам білікті маман еңбек етеді.

Теміржолдың машина жасау саласына бағытталған секциялық отырысқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Рамазан Садырқұлов, компанияның Техникалық орталық директоры Жандос Мусин, Техникалық саясат департаментінің директоры Дмитрий Потлов, сондай-ақ бірқатар құзырлы министрліктер өкілдері қатысып, баяндама жасады. – Жыл сайын өткізілетін Қазақстан машина

жасаушылар форумы өнім өндіруші кәсіпорындар мен уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы тікелей байланыстың тиімді алаңына айналды. Импорттық компоненттер мен жабдықтардың отандық аналогтарын құруға және енгізуге ерекше назар аударылды. Бұл шетелдік өнімдерге тәуелділікті айтарлықтай төмендетуге және қазақстандық кәсіпорындарда қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде елдің экономикалық қауіпсіздігін нығайтуға және халықаралық деңгейде қазақстандық теміржол машиналарын жасаудың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қол жеткізілді. Теміржол машина жасау секторында 8 мыңнан астам адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін 50-

ден астам отандық кәсіпорын табысты жұмыс істеуде. Өндірілетін өнімдері қазақстандық қамту деңгейі 40% астам. Өндіріске өнімді қою бойынша жүргізіп жатқан жұмыс аясында тауарлардың жаңа номенклатурасын игерудің қарқынды өсуі байқалады. Мысалы, соңғы 3 жылда өсім 45%-дан асты. Осы ретте ҚТЖ тұрақты даму қағидастарына берік екенін атап өткізіледі. Біз алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін ашық диалогқа дайынбыз, – деді компанияның бас инженері.

Теміржол өнімдерін әзірлеу және өндіріске енгізу жүйесі туралы баяндаған Ж. Мусин бұл сала жоғары қарқынмен дамып келе жатқанын атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

ЛОГИСТИКА БЕЗ ГРАНИЦ



В Астане состоялась презентация 4-й Китайской международной выставки по содействию развитию цепочек поставок (CISCE) и семинара, посвященного сотрудничеству Казахстана и Китая в логистической сфере. В мероприятии приняли участие представители государственных структур, бизнеса и отраслевых организаций, включая заместителя генерального директора Союза транспортников Казахстана «Kazlogistics» Жаслана Жагпарова.

Мероприятие было организовано при поддержке Комитета по развитию торговли China Council for the Promotion of International Trade (CCPIT) в Республике Казахстан.

Участники встречи рассмотрели перспективы расширения взаимодействия двух стран в транспортно-логистической отрасли, а также вопросы участия казахстанского бизнеса в предстоящей выставке CISCE, которая запланирована на 22-26 июля 2026 года и пройдет в Пекине.

Отдельный акцент был сделан на развитии международной кооперации, интеграции производственных и логистических цепочек, а также вовлечении бизнеса в глобальные торгово-экономические процессы. По мнению участников, подобные площадки способствуют укреплению деловых связей и расширению возможностей для казахстанских компаний на международных рынках.

Дополнительно отмечено, что усиление транспортных коридоров между Казахстаном и Китаем повышает транзитный потенциал региона и способствует развитию устойчивых логистических маршрутов.

Участие Казахстана в подобных международных инициативах демонстрирует растущую роль страны как ключевого логистического узла Евразии. Подобные встречи не только укрепляют диалог с китайскими партнерами, но и открывают новые возможности для развития отечественной транспортно-логистической отрасли.

Руслан РАХМЕТОВ

Экоакция

ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІН ТАЗАЛАДЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

ҚР Президентінің бастамасымен ұйымдастырылған «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында елімізде өзен-көлдерді қоқыстан тазартуды көздейтін республикалық «Мөлдір бұлақ» акциясы басталды.



Сәуірдің 4 күні Атырау қаласында Жайық өзені бойын тазалау жұмыстары жүргізіліп, оған Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты құрылымдық мекемелерден 35 жасқа дейінгі теміржолшылар қатысты. «Самұрық-Қазына» Жастар кеңесінің шешімімен акцияға өңірдегі теміржол мекемелерінен жастар тартылды. Акция мақсаты – өзен-көлдердің маңын тазалау, су айдындарының таза күйінде сақталуына және қоршаған ортаның таза болуына жағдай жасау. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, біздің теміржолшылар да республикалық акцияға қатысып, аймақ тазалығына өз үлестерін қосуда» дейді бөлімшедегі кадр бөлімінің бастығы Анар Жалғасбаева.

Акция аясында бірнеше жүк көлігімен қоқыстар шығарылып, өзен бойлары айнадай тазарып, айдын жарқырап қалды.

Суретті түсірген автор

БҰЛАҚ КӨРСЕҢ КӨЗІН АШ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Жамбыл жүк тасымалы мен магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мекемелердің қызметкерлері республикалық «Мөлдір бұлақ» экологиялық акциясына қатысты.



Сенбілікке қатысушылар Тараз қаласының шығыс қақпасынан Алматы бағытына қарай жол бойындағы су көздерін ашып, каналдардың ішін қоқыстан тазартты.

– «Мөлдір бұлақ» – «Самұрық-Қазына» қорының портфельдік компаниялары арасында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясын қолдау мақсатында ұйымдастырған бастамасы. Сенбілікке Жамбыл жол бөлімшесінің теміржолшылары да бірлесіп атысты. Сенбіліктің атауы айтып тұрғандай, бұлақтардың көзін ашып, каналдардың арналарын тазарттық, – дейді Жамбыл филиалының қауіпсіздік, еңбек қорғау және экология бөлімінің бастығы Медет Қарымбаев.

Суретті түсірген автор

ЕРТІС ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ СЕНБІЛІК

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Өткен сенбі күні «Самұрық-Қазына» АҚ компаниясына қарасты барлық ұжымдар тобы арасында бастау алған «Мөлдір бұлақ» экологиялық акциясына шығыстағы теміржолшылар да үн қосты.



«ҚТЖ – 100 жас есім» жобасының жеңімпазы, қоғам белсендісі, Семей станциясының бас инженері Бекзат Кәрімханов бастаған жастар қауымы бұл күні Семей қаласының іргесіндегі тарихи мекен – Затон аумағындағы Ертіс жағалауында сенбілік өткізді. Ертістің бойы ен тоғай, ен тоғайдың ішінде үлкенді-кішілі бұлақтар мен бастау-көздер бар. Көпшілігі қоқыс басып, құм көміп, тартылуға таяп, сыз тартып жатыр. Жас теміржолшылар міне, осынау аймақта тазалық жұмыстарын жүргізіп, біттелген бұлақ көздерін ашып, өзен жағасынан қапқап күл-қоқыс шығарды.

Іргелі шараға теміржолшылар керек-жарақтарын алып, толыққанды даярылған келді. Арнайы эколог маманының жетекшілігімен техникалық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жұмыс жүргізілген жастар қауымы таңнан кеш батқанға дейін ауқымды жұмыс жасады.

– Бүгінгі өткізілген шара алдағы экологиялық тазалық шараларының бастамасы ғана. Алдағы сенбі күні желі бойына, белгіленген аумақтар бойынша сенбіліктер өткізетін боламыз. Ал, «Мөлдір бұлақ» эко-акциясы жыл бойына жүргізілетін болады. Жасыл орманы, өзен-көлдері мен бұлақ көздері көп біздің аймағымыз үшін бұл өте керекті әрі дер кезінде қолға алынған шара болып отыр. Ол бағытта арнайы жоспар әзірленіп жатыр, – дейді Жастар ұйымының төрайымы Арайлым Қосанова.

Суретті түсірген автор

МАШИНА ЖАСАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМДАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Енді көбірек өндіру ғана емес, сонымен қатар талаптарды сақтау, өндірісті игеру және кәсіпорынның дайындығын растау процедурасы арқылы нарыққа жаңа техниканы дұрыс шығару маңыздылығы артты. Өндіріске бір құрылғыны енгізу арқылы өнімді қабылдаумен қатар оны локализациялау мәселесі туындайды. Кәсіпорын технологияны қаншалықты терең меңгерген, компоненттерді жеткізу қаншалықты тұрақты және өндіріші ел ішінде өнімнің тұрақты жұмыс істеу циклін қамтамасыз ете алатынына да басымдық беріледі, – деді ол.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі электртехникалық және ауыр машина жасау басқармасының басшысы Төрәеді Әбдірахмановтың айтуынша, теміржол машиналарын жасау секторы Қазақстанның машина жасау саласының шамамен 13%-ын құрайды.

– 2025 жылы теміржол өнімдерінің өндіріс көлемі 734 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 22,5%-ға артты. Қазіргі таңда секторда 60-қа жуық машина жасау кәсіпорны жұмыс істейді, олар 8 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтуда. Бұл кәсіпорындардың көбі – заманауи локомотивтер, жүк және жолаушы вагондарын, мойынтіректер, монолитті дөңгелектер, осьтер, рельстер, шпалдар, тіркеме бөліктері мен компоненттерін, инфрақұрылым жабдықтарын шығаратын негізгі қалаларды құрушы зауыттар. Былтыр отандық зауыттар 45 электровоз, 69 дизельді локомотив және 3075 түрлі вагон шығарды. Биыл алғашқы екі айда теміржол машиналарын жасау секторындағы өнім өндірісінің көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мына санаттар бойынша өсті: жолаушы вагондары 3,4 есе, теміржол және трамвай жолдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету үшін көлік құралдары 2,9 есе, электровоздар 60%, роликті шарикті подшипниктер 63%. Соңғы жылдары өндіріс көлемінің жоғары динамикасына қарамастан, Қазақстанның машина жасау зауыттары ішкі нарықтың өскен сұранысын әлі толық



қамтамасыз ете алмай отыр. 2025 жылы ішкі нарықтың жалпы тұтыну көлемі 2,5 млрд АҚШ долларын құрады, оның 45%-ы ғана отандық өндірушілердің үлесіне тиесілі. Биыл қаңтарда теміржол машиналарын жасау секторындағы өндіріс көлемі 2025 жылдың қаңтарымен салыстырғанда долларлық эквивалентте 6%-ға төмендеген, ал отандық өндірушілердің нарықтағы үлесі 34%-ды құрайды, – деді ол.

Соңғы жылдары бизнес теміржол машиналарын жасау саласын жаңғырту және дамытуға белсенді түрде инвестиция салуда. Былтыр жалпы көлемі 81,8 млрд теңгені құрайтын жаңа жобалар іске асырылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3 есе көп. Спикер сәтті іске қосылған стратегиялық өндірістер мен жаңа объектілерді атап өтті және бүгінгі таңда елімізде теміржол машиналарын жасау бойынша толыққанды кластер қалыптасып, әртүрлі өнімдер бойынша өндіріс орындары жұмыс істейтін жеткізді.

– ҚТЖ-да локомотивтер мен вагондар паркін жаңғырту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізіліп жатқан кезде машина жасау

саласына инвестициялар тартуды белсенді түрде арттыру, өндірісті кеңейту, заманауи технологияларды енгізу, мемлекеттік қолдауды және көлік-логистика кешенінің алдында тұрған міндеттерді сәтті жүзеге асыру үшін жасалған жағдайды барынша тиімді пайдалану қажет, – деген спикер теміржол машина жасау саласын әрі қарай дамыту перспективалары қандай шаралар арқылы жүзеге асырылатынын атады. Бірінші, өндірісті жаңғырту, технологиялық жабдықты жаңарту және жаңа технологияларды енгізу керек. Екінші, отандық локомотивтер мен вагондардың модельдік қатарын кеңейту қажет. Үшінші, салааралық кооперация жағдайында локомотивтер мен вагондарды жасау үшін алдын ала өнімдер, бөлшектер, бірдейлендірілген жабдықтар мен қосалқы бөлшектер шығаратын жаңа мамандандырылған өндірістерді дамыту керек. Отырыста сондай-ақ саланы дамытуды мемлекеттік қолдау шаралары, жаңа буын тепловоздары мен өндірісті Қазақстанда локализациялауды тереңдету т.б. мәселелер сөз болды.

Форум аясында қонақтар елордадағы Локомотив құрастыру зауытына барып, өндірісімен танысты. Іргетасы қаланған 20 жылда 700-ден астам локомотив шығарып, теміржол машина жасау саласының флагманына айналған ЛКЗ жылына 100-ге дейін техника шығара алатын заманауи өндіріс орны. Жеті жүз маман еңбек ететін зауыт тек техника құрастырып қана қоймай, технологиялық мүмкіндіктерін де кеңейтіп келеді.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

БАТЫСТАН ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНҒА...

1 сәуірден Қарағанды – Маңғыстау бағытында жаңа пойыз іске қосылды. Бұрын бірнеше пойызға ауысып мініп, бірінен соң бірін сағаттап күтіп әуреге түсетін жолаушы халық енді Маңғыстау мен Қарағанды арасында еш кедергісіз тіке қатынайтын болды.



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Батыс аймағы мен Орталық Қазақстанды тікелей байланыстыратын маршрут Ақтөбе, Қызылорда, Ұлытау облыстарын

басып өтеді. Ірі станциялардан Шалқар, Сексеуіл, Қоскөл, Жезқазған, Қызылжар, Жаңаарқаға тоқтайды. Сәуірдің бірінші күні Қарағандыдан шыққан пойыз Маңғыстау вокзалына үшінші күні жетті.

Пойыз құрамы 3 плацкартты, 3 купелік және

мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға арналған вагон, барлығы 6-7 вагоннан тұрады.

– №079-080 Маңғыстау-Қарағанды, Қарағанды-Маңғыстау пойызы екі бағытта да аптаның тек тақ күндері, аптасы үш рет қатынайды. Билет бағасы плацкарт үшін 14 207 теңге, купеге 21 863 теңге. Қарағандыдан кешкі сағат 19:45 уақытында шыққан пойыз жолда, 40 сағат 56 минут жүріп, түбекке түскі 12:08 уақытында жетеді. Бірі бағытта Маңғыстаудан 14:34 шығады. Маршрутты ұйымдастырушы «Ұлытау» жекеменшік тасымалдау компаниясы, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Батыс» аймақтық филиалы Маңғыстау телімі бастығы Мырзабек Сүйінғарин.

Суретті түсірген автор

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢҒЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ



Аймақтың солтүстігіндегі тораптық бекетте орналасқан Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясы пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Бүгінде мекеме Сексеуіл – Жосалы станциялары арасындағы 358 км мен жаңа телім, Сексеуіл – 10 бекет разъезі аралығындағы 276 км аумақтағы СОБ, байланыс, радиобайланыс және КТСМ-02 құрылғыларына техникалық қызмет көрсетіп отыр.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Өткен жыл дистанция үшін нәтижелі болды. Жыл бойы СОБ, байланыс және радиобайланыс құрылғыларының жұмысында ақаулар тіркелмей, техникалық күтім жоспары «өте жақсы» деңгейінде орындалды. Сонымен қатар еңбек тәртібін бұзу немесе өндірістік жарақат алу жағдайлары орын алған жоқ. Бұл – ең алдымен ұжымның кәсіби деңгейі мен жауапкершілігінің айқын көрінісі деп бағалаған дистанцияның бас инженері Жанболат Досжанов, әріптестерімен бірге атқарған жұмыстарды саралап, алдағы жоспарға шолу жасады.

Дистанция бойынша былтыр бірқатар жаңғырту және жөндеу жұмыстары жүзеге асырылыпты. Мәселен, Арал теңізі және Қазалы станцияларында ескі үлгідегі дизель-генераторлар заманауи құрылғыларға ауыстырылған. Өндіріске жаңа үлгідегі РЛСМ-10-48 радиостанциялары енгізіліп, қуат көздері жаңартылған. Сексеуіл, Сапақ, Аралқұм, Шөміш станцияларындағы Пост ЭЦ ғимараттарына жөндеу жүргізілген. Сондай-ақ релелік бөлмелерге кондиционерлер орнатылып, бірқатар бекеттердегі ғимараттар мекеме қызметкерлерінің күшімен жаңартылған. Аралқұм – Шөміш станциялары аралығындағы құрылғылар



дың сапасын стандартқа сәйкестендіру жұмыстары жүргізілген.

– Бөлімше басшылығының қолдауымен, дистанция бастығы Арнұр Дінахметовтың ұйымдастыруымен өткен жылы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде құрылғылардың сенімділігі едәуір артты. Жаңартылған дизель-генераторлар мен жаңа радиостанциялар пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып отыр. Ұжымның бірлескен еңбегінің арқасында ақаусыз жұмыс көрсеткішіне қол жеткіздік, биыл да қауіпсіздік шараларын арттыруға басымдық беріп отырмыз, – дейді бас инженер Жанболат Досжанов.

Қозғалыс мәдениетінің жаңа стандарты

жобасы аясында дистанцияның Сексеуіл-Қоскөл жаңа телімінде ЦАБ-АЛСО-QRA заманауи жаңа құрылғысы жылдың алғашқы айларында қолданысқа енгізілуі аймақтағы пойыздар қозғалыс қауіпсіздігін арттыру сапасына жаңа серпіліс берген қаншалық болды.

Дистанция бойынша ағымдағы жылда да бірқатар жұмыс атқаралады деп жоспарланып, ауқымды шаралар белгіленіп қолға алынып жатыр. Атап айтқанда, Сексеуіл – 10-шы бекеті аралығында автоблоктау жүйесін енгізу және станцияларды микро-процессорлық жүйеге көшіру көзделуде. Қазалы станциясындағы байланыс үйіне жөндеу жүргізіліп, Қазалы-Бекбауыл станциялары аралығындағы құрылғылар сапасы стандартқа сәйкестендірілмекші. Ордазы бекетінде жаңа модульді ЭЦ постының ғимараты пайдалануға берілмек. Сонымен қатар Төретап станциясында ЗН4100D дизель-генераторымен жаңартылған, бірнеше станциядағы ғимараттарға жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп күтілуде.

Дистанция ұжымы алдағы уақытта да теміржол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, техникалық базаны жаңғырту және еңбек сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып, басты нысананы қауіпсіздікке бағыттап жаңғырту жұмыстарын жалғастыра бермек.

Суретті түсірген автор

НАСКНУ26: РАЗРАБОТКИ ДЛЯ КТЖ



ТЕХНОЛОГИИ

В Астане прошел девятый ежегодный студенческий хакатон HackNU26, организованный NU ACM Student Chapter при поддержке Nazarbayev University. Один из крупнейших IT-хакатонов Центральной Азии в этом году собрал 705 участников – это 229 команд со всего Казахстана, которые в течение 24 часов разрабатывали инновационные технологические решения.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Хакатон стал площадкой, где начинающие и опытные разработчики смогли не только проверить свои навыки, но и поработать с реальными индустриальными задачами. Одним из ключевых партнеров выступила компания «Қазақстан темір жолы», предложившая участникам практико-ориентированный кейс в области цифровизации локомотивного хозяйства.

Командам предстояло разработать концепцию интерфейса локомотива – системы, которая будет структурировать весь поток параметров, поступающих от подвижного состава, и представлять их в удобном и понятном виде.

– Это должен быть удобный и прагматичный инструмент с элементами аналитики, возможно, с применением искусственного интеллекта, – отметил директор технического центра АО «НК «КТЖ» Жандос Мусин.

Кейс КТЖ стал одним из самых востребованных: его выбрали 85

команд, из которых 56 представили готовые решения. В финальную презентацию прошли 15 сильнейших проектов.

– Среди них есть действительно сильные работы – некоторые команды продемонстрировали глубокое понимание специфики железнодорожной отрасли. Создавалось ощущение, что они уже имеют опыт работы в КТЖ, настолько точно были учтены отдельные параметры. Есть решения, которые нам особенно понравились – они пока не реализованы, но мы видим потенциал их внедрения. В целом можно сказать, что команды успешно справились с задачей. В дальнейшем мы планируем более детально рассмотреть проекты финалистов и выстроить сотрудничество с лучшими командами, – заключил он.

По итогам хакатона первое место заняла команда «Хакнушники», в состав которой вошли студенты третьего курса Nazarbayev University – Леон Казарян, Адлет Даутбек и Нурбек Бақытали.

